



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы  
Посының Президенттік Ресми үйінде Қазақстан

# Жолдау даму бағыттарын айқындаپ берді

**Жаңа оқу жылы басталысымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2-ші қыркүйек күні Қазақстан парламенті палаталарының бірлескен отырысы, VI шақырылымының 5-сессиясы барысында халыққа алғашқы жолдауын жолдады.**

Жолдау бес тараудан құралған және әрбір тарау еліміздегі өзекті мәселелердің шешу жолдарын айқындаиды. Жолдаудың бас жағында саяси реформалар туралы айтылып, еліміздің қоғамдық саяси өмірін жаңарту арқылы экономикалық тұрақтылық пен көп партиялы жүйені дамыту керектігі сез етілді. Сонымен қатар президент мемлекет тұрақтылығының негізі ретінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұсынды. Қазіргі таңда көп сез етілтін мәселелер өз шешімін тапқандай болды. Нақтырақ айтқанда, жолдау барысында жердің шетелдіктеге сатылмайтыны, бейбіт шеру үйимдастыруға рұқсат

етілетіндігі және зорлық-зомбылық үшін жазаның күшетіндігі баса айтылды.

Менің ойымша, жолдау халқымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәселелерін алға тартып, олардың шешу жолдарын бағдарлап берді. Соның ішінде, жастар арасындағы рухани сауатсыздық пен патриотизмнің төмендігі көңіл қынжытартылған жәйт. Осы мәселенің төңірегінде Жолдау барысында бірнеше мәдени әрі рухани іс-шараларды откізу жоспарланып отыр.

Корыта айтқанда, Жолдау арқылы еліміздің бағыттары айқындалып, болашақ жоспарлардың құрылуына бастау болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «сындарлы қоғамдық диалог – татулық пен тұрақтылық негізі» - деп сез еткендей, еліміздің бірлігі мен тұтастырының арқасында алға қойылған мақсаттар мен армандар орындалады деген ойдамын.

**Дана ТАЛАПОВА,  
Ы.Алтынсарин атындағы  
АрқМПИ педагогика  
және психология  
кафедрасының  
II курс студенті.**